

2025 ЖЫЛҒЫ ІШКІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде (12 ай) ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК-де (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі,
жалпы мәселелер жөніндегі
директордың орынбасары:

Абенов Д.С.

Концерттік бөлім жөніндегі
директордың орынбасары:

Уанова А.М.

Бас бухгалтер:

Булькенева С.М.

Кадр бөлімінің инспекторы:

Каримова А.Ж.

Заң кеңесшісі:

Нурпеисов Р.Б.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды мынадай бағыттар бойынша жүргізді:

1. Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

1. «Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша төмендегілер зерделенді:

- ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді талдау нәтижесінде қызметкерлердің өз қалауы бойынша шешім қабылдауына мүмкіндік беретін, қызметті жүзеге асыру және заңды мүдделер мен құқықтарды сақтау барысында кедергілер туғызатын ережелер, нормативтік-құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін құқықтық олқылықтары, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін нормалар анықталған жоқ.

2. «Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша

2.1. Кадрлық жұмыс саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

Кадрлық жұмыс саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында мүдделер қақтығысының болуы, қызметкерлердің басшылықпен аффилиирленуі фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс атқаруда.

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық филармониясы» КМҚК штаттық саны 266,5 бірлікті, оның ішінде бос орындар – 14,0 бірлікті құрады. Есепті кезеңде 50 қызметкер жұмыстан босатылып, 64 қызметкер жұмысқа қабылданды.

2025 жылы Кәсіпорынның 2 қызметкері – Б. Бигазиев, Е. Байзагов – лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылып,

оларға сөгіс жарияланды. Тәртіптік жазалар алынды.

Талдау барысында өндірістік қажеттілікке байланысты Кәсіпорыннан 1 қызметкердің Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасына іссапарға жіберілгені анықталды.

Барлық еңбек шарттары жазбаша түрде жасалып, кейіннен «Электрондық еңбек биржасы» (enbek.kz) электрондық базасына енгізіледі. Бұл жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек қатынастарының ашықтығын қамтамасыз етуге, еңбек құқықтарының сақталуын бақылаудың тиімділігін арттыруға, құжаттарды қолдан жасау тәуекелін болдырмауға және жұмысқа орналасу рәсімін жеделдетуге мүмкіндік береді. Еңбекақы қызметкерлердің банк карталарына аудару арқылы төленеді. Шот-фактураларды рәсімдеу және алу Электрондық шот-фактуралар порталының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде, сондай-ақ қағаз түрінде жүзеге асырылады. Осылайша, Кәсіпорындағы ақша қаражатының қозғалысының толық ашықтығы қамтамасыз етіледі.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында жұмыс тобы ваканттық лауазымдарға жақын туыстарды, басшылыққа тікелей бағынысты тұлғаларды жұмысқа қабылдау кезінде аффилиирлену фактілерін анықтаған жоқ.

Сондай-ақ мүдделер қақтығысының болуы, белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

2.3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Талдау объектісінің қызметіне мемлекеттік қызметтер көрсету кірмейді.

2.4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Талдау объектісінің қызметіне рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру кірмейді.

2.5. Бақылау функцияларын іске асыру

Талдау объектісінің қызметіне бақылау функцияларын жүзеге асыру кірмейді.

2.6. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде (12 ай) қаржыландыру жоспарына сәйкес 1 220 464,3 мың теңге субсидия алынды, оның ішінде:

- Кәсіпорынды ұстауға – 830 585,7 мың теңге;
- мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге – 354 167,6 мың теңге;

- гастрольдік сапарларға – 17 500,0 мың теңге;
- материалдық-техникалық базаны нығайтуға – 18 211,0 мың теңге;
- өзге де түсімдер – 787,0 мың теңге (өсімпұл).

Кәсіпорынды ұстауға 858 715,0 мың теңге жұмсалды, оның ішінде:

- еңбекақы және оған есептелетін аударымдар – 744 056,3 мың теңге;
- көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру жарналары – 272,8 мың теңге;
- басқа да тауарларды сатып алуға – 9 970,3 мың теңге;
- коммуналдық қызметтерге – 5 547,6 мың теңге;
- электр энергиясына – 14 811,6 мың теңге;
- жылумен қамтамасыз етуге – 27 125,5 мың теңге;
- байланыс қызметтеріне – 482,1 мың теңге;
- басқа да қызметтер мен жұмыстарға – 14 587,9 мың теңге;
- өзге де ағымдағы шығындарға – 3 030,0 мың теңге;
- іссапар шығындарына – 2 003,4 мың теңге;
- ағымдағы жөндеуге және негізгі құралдарды сатып алуға – 36 827,5 мың теңге.

Мәдени-көпшілік іс-шараларды (концерттер, фестивальдер, ақындар айтысы) өткізуге 330 508,9 мың теңге жұмсалды.

Облыс және республика көлеміндегі гастрольдік сапарларға 17 500,0 мың теңге жұмсалды.

2.7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде (12 ай) мемлекеттік сатып алулар бойынша шарттар мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бойынша жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алу саласындағы барлық жұмыстардың мемлекеттік сатып алудың веб-порталы (goszakur.gov.kz) арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Бұл мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен жариялылығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен жариялылығын арттыру мақсатында алдын ала біліктілік іріктеуімен конкурс өткізу кезінде техникалық ерекшелікті алдын ала талқылау қолданылады. Бұл әлеуетті өнім берушілерге техникалық ерекшеліктің талаптарымен алдын ала танысуға және ескертулер болған жағдайда оларды жою туралы Тапсырыс берушіге жүгінуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік сатып алу саласындағы барлық шарттар веб-портал арқылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын сақтай отырып жасалды.

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жалпы сомасы 504 564 810,4 теңгеге 291 шарт жасалды, оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 45 шарт, жалпы сомасы 21 604 699,09 теңге;
- өтпей қалған мемлекеттік сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен – 38 шарт, жалпы сомасы 9 889 372,2 теңге;
- бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен – 157 шарт, жалпы сомасы 454 350 214,01 теңге;
- электрондық дүкен арқылы – 51 шарт, жалпы сомасы 18 720 525,1 теңге.

Аффилиирленген шарттар анықталған жоқ.

Барлық шарттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның талаптарына сәйкес жасалды. Қысқа мерзімді шарттар орындалды, ұзақ мерзімді шарттар – ғимаратты күтіп-ұстау, коммуналдық қызметтер және басқа да қызметтер бойынша шарттар – орындалды.

2.8. Жеке және заңды тұлғалардың Кәсіпорынға жолдаған өтініштері

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Кәсіпорынға жеке және заңды тұлғалардан «Е-Otinish» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы 32 өтініш келіп түсті.

Өтініштер Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес қаралды. Барлық өтініштер құзыреті шегінде, белгіленген мерзімдерді бұзбай қаралды.

Кәсіпорынға келіп түскен барлық өтініштер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде жауап берілді. Өтініштерді қарау барысында мерзімді өткізіп алу немесе мерзімді ұзарту фактілері болған жоқ.

Сол кезеңде Кәсіпорынның қызметіне қатысты азаматтардан шағымдар түскен жоқ. Кәсіпорынның сайтында концерттік қызметті жүзеге асыру жөніндегі Кәсіпорын қызметі туралы ақпарат тұрақты түрде жаңартылып отырады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алғанын білдірмейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг деректеріне сәйкес, талдау объектісінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған.

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлық және құқыққа қайшы сипаттағы жарияланымдар анықталған жоқ.

Сот органдарында Кәсіпорынды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы істер қаралған жоқ.

Бюджеттік қаражаттарды пайдалану бекітілген қаржыландыруға сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады. Бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалануға тұрақты бақылау жүргізіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және бюджеттік қаражаттарды жоспарлау, негізгі құралдарды, тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтау және есептен шығару, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жай-күйі, белгіленген алаң нормаларының және штаттық санның сақталуы мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігіне бақылау жүргізіледі.


Кәсіпорында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде Кәсіпорынның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫСТАР

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында қызметкерлер арасында Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтауды насихаттау бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізу. Бұл мемлекеттік кәсіпорын қызметкерінің әдеп нормаларын сақтауына, қызметкерлер арасында тұрақты моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ жалпы мәдениет саласы қызметкерлерінің беделін арттыруға ықпал етеді.

Жұмыс тобының жетекшісі,
жалпы мәселелер жөніндегі
директордың орынбасары




Абенов Д.С.

Концерттік бөлім жөніндегі
директордың орынбасары



Уанова А.М.

Бас бухгалтер



Булькенева С.М.

Жұмыс тобының мүшелері:

Кадр бөлімінің инспекторы



Каримова А.Ж.

Заң кеңесшісі



Нурпеисов Р.Б.